



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№29
(20703)



22 ақпан, бейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ҚАЗАН ҚАЛАСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласына жұмыс сапарымен барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Сапар аясында Мемлекет басшысы «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне қатысады, сондай-ақ бірқатар кездесу өткізеді.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» АТЫНА ЗАТЫ САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Сейсенбіде өткен Үкімет отырысының күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының жүзеге асырылу барысы, су тасқынына қарсы іс-шаралар бойынша ахуал қаралды. Сала басшылары мен өңір өкімдері атқарылған жұмыстарды баяндады.

Сб Айгүл БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, берілген тапсырмалар бойынша алдағы жұмыс бағыттарын нақтылады.

– Үкімет басшысы Олжас Абайұлы мектептер құрылысын уақытылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды. Облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орынға арналған

21 мектеп салу жоспарланған. Биыл тапсырылатын 10 мектептің мердігері анықталып, 9-ның құрылысы қарқын алды, 1 мектеп бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы кеш шығуына байланысты жақын күндері басталмақ. Ал 2025 жылы 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Қазіргі кезде ұлттық жоба аясында

құрылысы былтыр басталған барлық мектептер бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, құрылыс қарқынды жүруде. Инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн теңге бөлінді, жоба-сметалық құжаттары әзірленді, 9-на сараптама қорытындысы алынды, 1-суі аяқталу сатысында. Инженерлік желілер жүргізуге облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге бөлініп, бүгінгі күні мердігер мекемелер анықталды. Жобаны үйлестіруші «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамы өкілдерімен бірлескен жол картасына сәйкес жұмыс жүргізілуде, – деді аймақ басшысы.

2-бет

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ



ЖҮРГІЗУШІ ЖӘНЕ ОЙЫНШЫ: ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫСПАҚ ҮСТЕМДІГІ НЕНІ МЕҢЗЕЙДІ?

Дамыған елдердің өзгелерден бір ерекшелігі – салық пен айыппұл түрлерінің көп болуы. Дегенмен бұл тенденцияны дамушы санатындағы мемлекеттердің үлгі етіп алуы сәл қисынсыз құбылыс іспетті. Таяуда ескі көлік жүргізушілеріне айыппұл салынатыны жайлы ақпарат тарады. Шенділер алға тартқан себеп – ескі көліктердің экологияға зияны. Дегенмен мәселенің келесі жағын ескермегенге ұқсайды. Оның үстіне былдан бастап букмекерге тіркелген әрбір ойыншы ұтысынан салық төлеуі мүмкін. Бірақ бұл тұста да шолақ қаралған күйі өзгеріс енгізілмек. Аталған жайттардың кемшілігін сараптап көрсек.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»



2-бет

ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТТЫ

Астана қаласында 8-14 қыркүйек аралығында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына Ұлыбритания елі қатысатынын растады.



Бұған дейін британдық Овари федерациясы овари ұлттық құрамасының ойындарға қатысатынын ресми түрде растаған болатын. Сондай-ақ Ұлыбритания Елшілігінің өкілдеріне спорттың бірнеше түрін, күрестің бес түрін, Powerful Nomads және арқан тартыс сияқты спорт түрлеріне қатысу мүмкіндігін қарастыру ұсынылды. Дүниежүзілік көшпенділер ойынында спорттың 20 түрін мықтылар анықталады.

БОС ЖАТҚАН ЖЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

2022 жылдың басынан бері пайдаланылмайтын 10 млн гектар ауыл шаруашылығы жерлері мемлекеттік меншікке қайтарылды. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров мәлімдеді. Министрдің айтуынша, 2024 жылы тағы 2 млн гектар жерді қайтару жоспарланып отыр.



– Салық салудағы өзгерістер ауыл шаруашылығы алқаптарын ұтымды пайдалануға ынталандыруы тиіс. Бұл жұмыс бірыңғай жер салғы тәсілдерін өзгерту шеңберінде жүргізілуде, нәтижесінде Агрооеркәсіп кешеніндегі салықтар бойынша есепке алу мен әкімшілендіруді жеңілдетуге мүмкіндік беріледі, – деді ол.

ДУБАЙДА «ҚАЗАҚСТАН» САУДА ҮЙІ АШЫЛАДЫ

Біріккен Араб Әмірліктерінің орталығы Дубайда Қазақстанның сауда үйі ашылады. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев ведомствоның алқа мәжілісінде осы ақпаратты жария етті.



– Келесі аптада біз Дубайда QazExpoCongress ұлттық компаниясының «Қазақстан» сауда үйін ашамыз. Павильонды отандық тауарды ілгерілетуге барынша белсенді пайдаланамыз. Ол тек қана қазақстандық тауарлардың көрсетілім алаңы ғана болмайды. Біз алғаш рет инжиниринг қызметінің, медицина мен IT саланың өнімдерін ілгерілетпекшіміз, – деді министр.

Дайындаған Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Фото: Аиық дереккөзден

АҒА БУЫН АҚЫЛДАСТЫҒЫ

Кеше облыс әкімдігінде облыстық ардагерлер кеңесінің көзекті III пленумы өтті. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, басқарма басшылары мен салалық ардагерлер кеңестерінің төрағалары, аймақтың ардагерлер ұйымдарының белсенділері қатысты.

Пленумда аймақ басшысы өткен жылдың жетістіктері мен алдағы міндеттерді, өңір дамуына еңбек сіңірген азаматтардың үлесін атап өтті. – Сыр өңірінде адалдығымен, парасат-пайымымен танылған, елі үшін

аянбай еңбек еткен азаматтарымыз өте көп. Сіздер қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың сақталуына атсалысып келесіздер. Сол үшін алдыңғы буын ағаларға алғысымыз шексіз. Өткен жылы облысымыздың 85 жылдық мерейлі белесі аясында түрлі форматтағы, жоғары мазмұнды ғылыми-танымдық, мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды.

2-бет

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ



ШАРУАЛАРҒА ШЫНАЙЫ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Ақпан ауып, көктемнің жылт етер шағы алыс емес. Дикан қауым дала қосына қамданса, шаруалар түлік төлдететін науқан алдында тұр. Бұл әрине, жылдағы дәстүрлі шаруа болғанымен, жалпы ауыл шаруашылығына қатысты қордаланған мәселе аз емес. Оның бір парасын министрдің өзі мәлімдеді. Ескірген есеп жүйесі, егін егу тәсілі, тыңайтқыш, тозған техника, өнімділік, баға, басқа да нарықтық айналымда қазақстандық шаруалардың бәсекеге қабілеті төмен. Бұл туралы ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров айтты деп хабарлады ҚазАқпарат.

Жуырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін арттыру үшін ауқымды жұмыс жүргізуді тапсырған болатын. Осы ретте Ауыл шаруашылығы министрлігі салаға кеңейтілген талдау жүргізіп, проблемалар мен кедергі болып тұрған факторларды анықтаған. Министрдің айтуынша, бірінші мәселе – статистиканың көрсеткіштерін ретке келтіру қажет. Көп жыл бойы қалыптасқан есептеу әдістемесін өзгерту керек. Сонда бұрмаланған деректер болмайтын көрінеді.

– Сенімді деректерге сүйеніп, заман талабына сай есептеудің жаңа тәсілдерін қолдануымыз қажет. Бұл үшін арнайы комиссия құрылды. Комиссия мүшелеріне ауыл шаруашылығындағы деректерді ретке келтіру міндеті жүктелді», – деді министр.

Екінші мәселе – өсімдік шаруашылығындағы әртарапандыру негізінен қағаз жүзінде жүрді. Министрдің сөзінше, Қазақстанда елдің негізгі астық егетін өңірлерінде монодақыл – бидай басым, бұл әлемдік нарықтарда бағалардың ауытқуы кезінде саланы осал етеді, сондай-ақ топырақтың жай-күйіне теріс әсер етеді. Аудандар мен сын-кәтерлерді әртарапандыру керек, яғни жоғары рентабельді суарысқа ие дақылдар өндіріліп, ауыспалы егістер сақталуы керек. Алайда, әзірге бұл жұмыс өте сылбыр жүрді.

2-бет

Фото: Аиық дереккөзден

Фото: Аиық дереккөзден

